

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 51

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 2788 U962788_ Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 176-құжат) екінші бөлімі мынадай мазмұндағы екінші бөлігімен толықтырылсын:

"Отанды қорғау кезінде немесе соғыс қимылдары жүріп жатқан мемлекеттерде жауынгерлік борышын өтеу кезінде алған жарақаты, контузиясы, мертігуі немесе науқастануы салдарынан 1996 жылдың 1 қаңтарынан кейін алғаш рет I-II топтағы мүгедек болған адамдарға зейнетақының негізгі мөлшерін, егер ол бұдан бұрын арттырылмаған болса, 40 процент, аталған себептер салдарынан III топтағы мүгедек болған адамдарға - 30 процент арттыру белгіленсін".

2-бап. Осы Заң 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті